



ЖАҢА ЗАМАННЫҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Едилханова С.А.,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті, тарих
ғылымдарының кандидаты, доцент

Жаңа заман дәуірі XV ғасырдың соңында басталып, адамзаттың әлеуметтік, саяси және экономикалық өмірінде түбегейлі өзгерістерге жол ашты. Ұлы географиялық ашылулар нәтижесінде еуропалықтар жаңа жерлерді зерттеп, сауда жолдарын кеңейтті. Бұл Еуропа елдеріне байлық әкеліп қана қоймай, капиталистік қатынастардың дамуына серпін берді. Ғылым мен техникадағы жаңалықтар, баспа ісінің пайда болуы, Реформация және гуманизм идеялары қоғам санасына ықпал етіп, ескі феодалдық құрылымның әлсіреуіне себеп болды. Жаңа заманның басты ерекшелігі – адам еңбегінің және жеке бастаманың маңызын арттыру еді.

Осы өзгерістерден Ұлыбритания да тыс қалмады. XVI ғасырдың соңында Англия ұлттық мемлекет ретінде қалыптасу жолына түсті. Ағылшын буржуазиялық революциясы феодалдық үстемдікті шектеп, парламенттік жүйенің дамуына мүмкіндік берді. Бұл реформалар елдегі буржуазияның экономикалық және саяси рөлін күшейтті. Сауда флотын дамыту мен отаршылдық саясат жүргізу арқылы Ұлыбритания сыртқы нарықтарды игеріп, экономикалық қуатын арттыра түсті. Ерте капитализм кезеңінде Англия ішкі нарығын дамытып, тоқыма өндірісіне, кеме жасау ісіне және банк жүйесіне ерекше көңіл бөлді. Ост-Үнді компаниясының құрылуы мен Атлант мұхитындағы сауда байланыстарының кеңеюі Британияның дүниежүзілік ықпалын нығайтты. XVIII ғасырдың соңына қарай Ұлыбритания өнеркәсіптік революцияның алдыңғы қатарында тұрды. Осылайша, жаңа заман басталуымен бірге Ұлыбритания да әлемдік саяси және экономикалық сахнада жетекші орынға көтерілді.

Республикадан протекторатқа өту, шын мәнінде, монархияны қалпына келтіру жолындағы алғашқы қадам болды. Англияның билеуші таптары мықты билік орнатуға деген қажеттілікті барған сайын айқын сезіне бастады. Республикалық басқару формасы оларға барған сайын сенімсіз әрі қажетсіз болып көрінді. 1649 жылғы левеллерлер қозғалысының кең құлаш жаюы, диггерлер қозғалысы, Англияның әртүрлі өңірлерінен жеткен наразылық белгілері туралы үнемі келіп жатқан хабарлар — мұның бәрі билеуші топтарды



өз иеліктерінің сақталуы мен қолданыстағы саяси тәртіп пен әлеуметтік қатынастардың орнықтылығына алаңдауға мәжбүр етті. Екінші жағынан, Стюарттар билігін қайтаруға ұмтылған роялистердің тоқтаусыз интригалары да үлкен қауіп тудырды, өйткені бұл буржуазия мен жаңа дворяндар үшін жер мен саяси билікті жоғалту қаупімен тең еді. Протекторат – бұрынғыдай қалаусыз республика мен Стюарттардың әлі де ерте реставрациясының арасындағы ымыралы орта жол ретінде қабылданды. Ағылшын буржуазиясы ол кезде-ақ ең күрделі мәселелерді шешуде ымыралы жолға жүгінуге ұмтылды [1.59].

Протекторат кезеңіндегі экономикалық саясат анық буржуазиялық сипатқа ие болды және халық арасында бұл жүйеге деген наразылықтың күшеюіне себепкер болды. Протекторат кезінде ірі жер иелері ерекше көптеп пайда болды, себебі азамат соғысы кезінде тәркіленген жерлерді сатумен қатар, ирландтардан тартып алынған жерлер де үлестіріле бастады. Бұл жер иелері – мейлі олар дворяндардан шыққан болсын немесе таза буржуазиялық тектен болсын – протекторат үкіметінің қорғауында болды.

Дәл осы топтардың мүддесіне сай 1656 жылы феодалдық төлемдер туралы палата таратылып, Ұзақ парламент қабылдаған заң ресми түрде бекітілді. Бұл заңда «әртүрлі қамқоршылықтар, мұрагерлік кезінде алынатын төлемдер, вассалдық ант беру, меншікті алу үшін төленетін алымдар» секілді феодалдық міндеттемелердің жойылатыны айтылды. Алайда бұл акт лордтарға төленетін ренталар мен басқа да төлемдердің бұрынғысынша сақталатынын да нақтылады. Яғни, заң ірі жер иелерін феодалдық шектеулерден босатқанымен, ұсақ жер иелері үшін сол күйінде қалдырды. Бұл – революцияны жеңіске жеткізген негізгі әлеуметтік күш – шаруалар ештеңе ұтпағанын көрсетті. 1654 жылғы 3 қыркүйекте, «Басқару құралы» деп аталатын құжатта қарастырылғандай, жаңа парламенттің отырыстары ашылды. Парламент құрамының өзі Кромвельді толықтай қанағаттандырмағанымен (оның ішінде жасырын роялистер мен ымырасыз республикашылдар да болды), ол олармен келісімге келуге үміттенді. Парламенттің ашылуында сөйлеген сөзінде протектор (Кромвель) жаңа парламенттің басты міндеті – ұлт игілігі үшін бірқатар қалыпты реформаларды жүзеге асыру екенін атап өтті. Сонымен қатар, ол парламенттен қоғамда орныққан әлеуметтік қатынастарды бұзбауды, сословиелік айырмашылықтарды жоймауды және жалгерді меншік иесіне теңестіруге тырыспауды талап етті. [1.61].

Бұл талаптарға депутаттар қарсы болмады, бірақ олардың кейбіреулері Кромвельдің ашу-ызасын туғызғандай әрекет етті – олар протектордың билігін



шектеуге және бүкіл жоғарғы билікті парламентке, яғни өз қолдарына беруге тырысты. Бұған жауап ретінде Кромвель ашуланып, протектордың өкілеттіктерін анықтау парламенттің құзыретіне кірмейтінін мәлімдеді және депутаттардан протекторға, республикаға және конституция негіздеріне адалдық туралы ант қабылдауды талап етті. Шамамен 240 депутат бұл антқа қол қойды, ал қалғандары – анттан бас тартқандары – парламенттен шығарылды. Кромвель мен парламент арасындағы бұл қақтығыс армия офицерлері жоғарғы билікті сақтап қалғысы келген жер иеленуші топқа айналып, ал олармен келіспеген кеңірек ауқымды дворяндық-буржуазиялық топтардың биліктен шеттетуді қалағанын көрсетеді [2.161-162].

Егер феодалдық төлемдерді жою туралы акт жаңа дворяндар мен ауыл шаруашылығына капитал салған буржуазияның мүддесіне сай болса, 1656 жылдың күзінде қабылданған «Англия мемлекетінде өндірілетін, өсірілетін және жасалатын әртүрлі тауарларды экспорттауға жәрдемдесу туралы акт» сауда және өнеркәсіп буржуазиясын қорғауға бағытталды. Бұл акт бойынша кейбір тауарларды экспорттау үшін жеңілдіктер қарастырылды. Ондай тауарлар қатарына: өгіздер, аттар, сиыр еті, шошқа еті, май, ірімшік, бидай, қара бидай, бұршақ, арпа, сұлы, сыра, май шамдар, бұзау терілері (жүнсіз), қару-жарақ және т.б. кірді. Бұл тауарларға салынатын кедендік баж салықтары оларды кімнің экспорттайтынына байланысты белгіленді: шетелдік саудагерлер үшін бұл салықтар әлдеқайда жоғары болды [7.79].

Протекторат үкіметі өнеркәсіп пен сауданы дамыту мақсатын көздеді. Бұл үшін үкімет ірі сауда және өнеркәсіп орталықтарының өкілдерінен арнайы кеңес құрып, барлық сауда мәселелерін солар арқылы шешуге тырысты. Сонымен қатар, ағылшын кеме қатынасының дамуына бағытталған бірнеше шаралар қабылданды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін жеңілдікпен экспорттауға рұқсат тек сауда буржуазиясына ғана емес, сонымен бірге шаруашылығын нарық талаптарына сай жүргізетін ірі жер иелеріне де тиімді болды. Үкімет қоршау саясатын да осы топтардың мүддесіне сай жүргізді. Қоршауларға тыйым салынбады, керісінше кей жағдайда үкімет оларды қолдап отырды. Ал шаруалардың бұл саясатқа қарсы әрекеттері бұрынғыша қатал түрде басып тасталды. Отарлау саясаты да сауда және өнеркәсіп буржуазиясының мүддесіне бағытталды. Голландиямен соғыс басталғанда, үкімет бұл жағдайды пайдаланып, Голландия есебінен ағылшын отарларын ұлғайтпақ болды. Солтүстік Америкадағы Жаңа Нидерланды отары басып алынуы тиіс еді. Бірақ ағылшын әскері Америкаға жеткенше соғыс аяқталып, бұл жоспар жүзеге



аспады. Дегенмен, әскердің баруы бекер болмады – ресми түрде бейбіт қарым-қатынас болғанына қарамастан, олар Францияға тиесілі Акадия отарын басып алды [3.67].

Протекторат кезеңіндегі маңызды отарлау бастамаларының бірі – Батыс Үндістан экспедициясы болды. Оның мақсаты – Испанияға тиесілі отарларды басып алу еді. Бұл үшін көптеген әскери кемелер дайындалып, 3000 жауынгер бөлінді. 1654 жылдың соңында экспедиция Англиядан шығып, Вест-Үндіде ең бай ағылшын отары – Барбадос аралына бет алды. Онда оларды колонистермен толықтыру көзделді. Алайда экспедицияның әлсіз дайындалғаны белгілі болды. 1655 жылы көктемде Хиспаниола аралын басып алу әрекеті сәтсіз аяқталып, экспедиция Ямайка аралына бет бұрды. Бұл арал нашар қорғалғандықтан оңай басып алынды. Алғашында Ямайка маңызды көрінбеді, себебі қоныстануға ынталы адамдар аз болды. Бірақ кейінірек бұл арал да үлкен пайда әкеле бастады. Ямаиканы жаулап алу протекторат үкіметінің буржуазияның агрессиялық мүдделерін қолдайтынын тағы бір дәлелдеді. Үкімет басқа елдердің ағылшын колонияларымен сауда жасау әрекеттерін тоқтатып отырды, ал колонияларға өзіне бағынышты шенеуніктерді тағайындады.

Вест-Үнді колониялар Англия билеуші топтарын тек байлығымен ғана емес, сонымен қатар «сенімсіз» деп танылған адамдарды метрополиядан жер аудару мүмкіндігімен де қызықтырды. Бұл тәжірибе азаматтық соғыс кезінде басталып, протекторат кезінде кеңінен қолданылды. Ағылшындар, шотландтар және ирландтар отарларға жер аударылып, көбіне келісімді қызметші ретінде – яғни ақ нәсілді құл ретінде еңбек етуге мәжбүр болды. Саудагерлер үшін бұл құлдықтың ерекше түрі үлкен табыс көзіне айналды. Ақ құлдар саудасы айтарлықтай дамыды. [4.68]

Батыс Үндістанға жасалған ағылшын экспедициясы тек буржуазия табысының артуына себеп болып қана қойған жоқ, сонымен қатар Испаниямен ашық соғысқа алып келді. Испания мен Франция арасындағы ұзаққа созылған қақтығыс аяқталғаннан кейін, Англия бұл жаңа шиеленістен бойын аулақ ұстайды деген үміт болған еді. Дегенмен, Батыс Үндістан экспедициясы басталар алдында-ақ, Англия Мадридтен бірнеше талап қойды. Атап айтқанда, ағылшын көпестерінің Вест-Индиядағы испан отарларымен еркін сауда жасау құқығын мойындау және Испания аумағындағы ағылшын саудагерлерін инквизициядан қорғау сұралды. Протектор Оливер Кромвель Испания бұл талаптарды орындайды деп үміттенді, себебі Мадрид билігі Англия мен Франция арасындағы ықтимал одақтан қауіптенуі тиіс еді. Алайда Испания бұл



талаптарды қабылдамай, 1655 жылдың қазан айында екі ел арасында соғыс басталды [5.16].

Ағылшын қоғамындағы әртүрлі әлеуметтік топтар бұл соғысқа әртүрлі көзқараспен қарады. Дәстүршіл шіркеу өкілдері мен протестанттар Испанияны католиктік реакцияның тірегі деп санап, соғысты діни тұрғыдан әділетті және қажет деп білді. Олар үшін бұл протестанттық Еуропаның жеңісі болар еді. Сонымен қатар, буржуазияның отарлық саудамен айналысатын тобы Испанияның Батыс Үнді отарларына қол жеткізуді мақсат тұтып, соғысты қолдады. Испания сол кезеңде едәуір әлсіреген болатын, бұл жағдай оны жеңуді және мол олжаға кенелуді жеңілдетеді деген үміт туғызды. Ағылшын әскери-теңіз флотының теңізшілері де бұл соғысты қуаттады, өйткені олар Испания кемелерін басып алып, бағалы металдар мен отарлық тауарларды иемденуге ұмтылды. Сонымен қатар, бұл соғысқа қарсы шыққан топтар да аз болған жоқ. Испаниямен сауда байланысы бар көпестер, оның ішінде испан жүнін импорттаушылар мен өнеркәсіптік тауарларды экспорттаушылар, соғыс салдарынан елеулі шығынға ұшырады. Ағылшын балықшылары да наразылық танытты, себебі олардың өнімдерінің көп бөлігі Испания нарығына бағытталған еді. Сауда флотының көптеген теңізшілері мен испан нарығына жұмыс істеген қолөнершілер Испаниямен соғыстың басталуына байланысты жұмыссыз қалды [5.17].

Соғыстың қарсаңында ағылшын көпестері Кромвельге жазған хаттарында алаңдаушылықтарын білдірді. Олар былай деп жазды: «Біздің тауарларды сату толығымен тоқтамаса да, едәуір қиындықтар туындайды, өйткені испандар соғыс жағдайында өз иеліктеріне жау мемлекеттерден тауар әкелуге тыйым салатын қатаң заңдар шығарады».

Бұл сөздер Англиядағы Испаниямен соғысқа қарсы көзқарастардың кең тарағанын көрсетті. Дегенмен, соғыс басталды. Оған түрткі болған негізгі күш — Вест-Индиямен байланысты сақтап қалуға мүдделі буржуазияның қысымы болды. Кромвель де бұл соғыстың ағылшын қазынасына мол табыс әкелетініне үміттенді және ақырында өз мақсатына жетті. Саяси факторлар да бұл шешімде маңызды рөл атқарды. Испаниямен соғыс Англия мен Франция арасында одақ орнатуға жол ашуы мүмкін еді. Мұндай жағдайда Францияда паналаған Стюарттар әулетінің мұрагері Карл II-нің позициясы әлсіреуі ықтимал болатын. Егер Франция Англиямен одақтасса, Карл II Мадридтен саяси қолдау сұрауға мәжбүр болар еді. Бұл жағдай Испаниямен байланысы үшін оны беделінен айырып, қалпына келтіруді жақтаушылардың қатарын қысқартуы мүмкін еді.



Осылайша, Испаниямен соғыс тек экономикалық пайда табу мақсатын ғана емес, сонымен бірге республикалық билікті сақтау және Стюарттардың қайта билікке оралуына жол бермеу секілді саяси мақсаттарды да көздеді. [6.22].

Ағылшын-испан соғысының жақындауы Франциямен келіссөздерді жеделдетті. 1655 жылдың қарашасында испан елшісінің Лондоннан кетуімен қатар, Франциямен одақтасу жөніндегі шартқа қол қойылды. Ресми түрде бұл шарт екі ел арасында сауда еркіндігін бекітіп, экономикалық қарым-қатынастарды дамытуды көздеді. Алайда келісімнің құпия баптарында өзара әскери және қаржылай қолдау көрсету, Франция аумағындағы ағылшындарға діни еркіндік беру, Карл Стюарт пен басқа да корольшіл эмигранттарды елден шығару секілді маңызды саяси шарттар болды. Сонымен қатар, Англия Конде ханзадасының өкілдерімен де келіссөздер жүргізді.

Қорытындылай келе, жаңа замандағы Ұлыбританияның отарлық саясаты әлемдік тарихтағы ең ірі және ұзақ мерзімді үстемдіктің бірі болғанын көреміз. Бұл саясаттың басты ерекшелігі — экономикалық пайда табу мен геосаяси ықпал орнату жолында түрлі аймақтардағы халықтардың әлеуметтік, мәдени және саяси құрылымдарын түбегейлі өзгертуі. Ұлыбритания өзінің отарлық билігін жүргізуде бастапқыда теңіз қарақшылығы, сауда компаниялары, кейіннен тікелей басқару және әскери интервенция арқылы ықпалын күшейтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кондратьев С. В. Английская революция XVII века. История/Москва Издательский центр “Академия”, 2010. - 189 с.
2. Эдуард Гайд лорд Кларендон История великого мятежа в двух томах. Том II. История/Санкт-Петербург 2019. - 343 с.
3. Татаринова К.Н. Очерки по истории Англии 1640-1815гг. История./ Издательство ИМО Москва 1958 г. 456 с.
4. Кузнецов А. А. Колониальная экономика и социальная сфера в Британии: проблемы и перспективы развития. Идеология. История. Имидж / А. А. Кузнецов. - М.: Издательство «Моногатори», 2016. - 94 с.
5. Чернышева Е. В. Колониальная политика Британии в XIX веке: особенности и последствия. История. Международная политика / Е. В. Чернышева. - М.: Издательство «Вестник Томского государственного университета», 2017. - 78 с.
6. Акимов Ю. Г. От межколониальных конфликтов к битве империй: англофранцузское соперничество в Северной Америке в XVII - начале XVIII в. - Изд. 2-е, перераб. и доп. - СПб.: Изд-во С.-Петербургского университета, 2005. - 567 с.
7. Н А. Ерофеев Очерки по истории Англии 1815-1917 гг. История./ Издательство Москва ИМО 1959г.- 263 с.